

«ТУРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ



Академиялық комитет
отырысында бекітілді

Төраға
Аймқұлов Р.А.

« _____ » _____ 2025 ж.

6B02301 - «Аударма ісі», 6B03101 - «Психология», 6B02302 - «Филология», 6B02101-
Дизайн, 6B11101-Туризм

Білім беру бағдарламалары

«Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері»

ПӘНІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)


АСТАНА – 2025

«Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері»
пәнінің бағдарламасы

Академиялық комитетпен бекітілген (№1хаттама 02 қыркүйек 2025 жыл);

Кафедра отырысында мақұлданған (№1хаттама 02 қыркүйек 2025 жыл);

Кафедра меңгерушісі



(қолы)

Жунусова А.Ж.
(аты-жөні, тегі)

Құрастырған:

Профессор

(лауазымы)


(қолы)

Искаков Б.М.
(аты-жөні, тегі)

Келісілді (жұмыс беруші):

(лауазымы)

(қолы)

(аты-жөні, тегі)

1. Оқытушы туралы ақпарат.

- Қысқаша ақпарат: Искаков Б.М., э.ғ.к, профессор
- Оқытушының қоятын талаптары: білімгерлер пәннің теориялық және практикалық материалдарын толық меңгеру және тапсырманы уақытылы орындау керек.
- Жұмыс уақыты: 9.00 - 18.00.
- Офис (дәрісхана): В204
- Тел: +77015924028 , e-mail: iskakovBM@tau-edu.kz

2 Оқытылатын пәннің сипаттамасы

«Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері» пәні таңдау компоненті болып табылады, 6В02301 - «Аударма ісі», 6В03101 - «Психология», 6В02302 - «Филология», 6В02101-Дизайн, 6В11101-Туризм мамандықтары бакалаврын кәсіби дайындаудың құрамдас бөлігі, 2 семестрде оқытылады. Пәнді оқуға 180 академиялық сағат бөлінген, ол келесі сабақ түрлерінде көрініс табады: аудиториялық сабақ – 60 сағат, студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – 120 сағат. Аудиториялық 60 сағаттың құрамына: 30 дәріс, 30 практикалық сабақ кіреді.

Студенттердің білімдерін қорытынды (семестрлік) бақылау формасы: 1-курс, 2-семестр – емтихан

3. Пәннің мақсаты мен міндеттері

«Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері» пәнінің **мақсаты** - білім алушыларда жеке және отбасылық қаржыны тиімді басқару, қаржылық шешімдерді саналы қабылдау, кәсіпкерлік қызметтің негізгі қағидаттарын меңгеру, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайында экономикалық ойлау мен кәсіпкерлік бастамашылықты дамыту..

Курстың міндеттері:

- қаржылық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздерін меңгерту;
- жеке бюджет пен отбасылық қаржыны жоспарлау және басқару дағдыларын қалыптастыру;
- табыс көздерін, шығындарды, жинақтау және инвестициялау тәсілдерін талдауға үйрету;
- қаржылық тәуекелдерді бағалау және оларды басқару жолдарын түсіндіру;
- банк өнімдері мен қаржылық қызметтерді (несие, депозит, сақтандыру) тиімді пайдалану дағдыларын дамыту;
- кәсіпкерлік қызметтің мәнін, түрлерін және құқықтық негіздерін түсіндіру;
- бизнес-идеяларды қалыптастыру, бизнес-жоспар әзірлеу және бағалау қабілеттерін дамыту;
- кәсіпкерлік қызметтегі этика, әлеуметтік жауапкершілік және қаржылық тәртіп мәселелерін меңгерту;
- цифрлық қаржы құралдарын және заманауи кәсіпкерлік технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылардың қаржылық дербестігін, жауапкершілігін және экономикалық белсенділігін арттыру.

Білу тиіс:

- қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдары мен қағидаттарын;
- жеке және отбасылық бюджеттің құрылымын;
- табыс пен шығын түрлерін, жинақтау тәсілдерін;
- банк жүйесінің негізгі элементтерін және қаржылық институттардың қызметін;
- несие, депозит, сақтандыру, инвестиция ұғымдарын;
- кәсіпкерлік қызметтің мәнін, мақсаттарын және түрлерін;
- бизнес-жоспардың құрылымы мен негізгі бөлімдерін;
- кәсіпкерлік қызметтің құқықтық негіздерін;

- қаржылық тәуекелдердің түрлерін және оларды азайту тәсілдерін;
- цифрлық қаржы құралдарының негізгі мүмкіндіктерін

білігі болуы тиіс:

- жеке және отбасылық бюджетті жоспарлау және талдау;
- қаржылық мақсаттарды қою және оған жету жолдарын анықтау;
- банк өнімдерін салыстыру және тиімдісін таңдау;
- несие алу кезінде пайыздық мөлшерлемелерді есептеу;
- қаржылық тәуекелдерді бағалау және басқару шешімдерін қабылдау;
- қарапайым инвестициялық шешімдер қабылдау;
- бизнес-идеяны қалыптастыру және негіздеу;

–түсінігі болуы тиіс:

- басқарушылық кадрлардың кәсіби қызметінің саласы ретінде мемлекеттік басқару ерекшеліктері туралы;

- қаржылық жауапкершіліктің жеке әл-ауқатқа әсері туралы;
- қаржылық тәртіп пен жоспарлаудың маңыздылығы туралы;
- кәсіпкерлік бастаманың экономикадағы рөлі мен әлеуметтік маңызы туралы;
- тәуекел мен табыс арасындағы өзара байланыс туралы;
- қаржылық шешімдердің ұзақ мерзімді салдары туралы;

Пререквизиттер:

- Экономика негіздері;
- Математика (пайыздық есептеулер, пропорциялар);

Постреквизиттер:

- Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру;
- Бизнес-жоспарлау;
- Менеджмент негіздері;

4. Оқыту формасы: күндізгі

5. Тақырыптар және оларды оқыту ұзақтығы

5.1. Дәріс сабақтары

№\п	Сабақ тақырыбы [№ әдебиеттер, §§..., беттері]	Көлемі, сағат	Оқу аптасы
1	Қаржылық сауаттылықтың мәні мен маңызы {3. 32 – 40 беттер}	2	1
2	Жеке және отбасылық бюджетті жоспарлау {5. 32 – 40 беттер}	2	2
3	Табыс көздері және шығындарды басқару {6. 22 – 50 беттер}	2	3
4	Жинақтау мәдениеті және қаржылық мақсаттар {7. 12 – 20 беттер}	2	4
5	Банк жүйесі және қаржылық институттар {3. 32 – 40 беттер}	2	5
6	Несие және қарыздық міндеттемелерді басқару {8. 32 – 40 беттер}	2	6
7	Депозиттер және жинақ құралдары {9. 12 – 20 беттер}	2	7
8	Сақтандыру және қаржылық тәуекелдерді басқару {10. 32 – 40 беттер}	2	8
9	Инвестициялау негіздері және қаржы нарығы {11. 32 – 40 беттер}	2	9
10	Қаржылық алаяқтық және тұтынушылардың құқықтарын қорғау {12. 32 – 40 беттер}	2	10
11	Кәсіпкерлік қызметтің мәні және түрлері {13. 32 – 40 беттер}	2	11
12	Бизнес-идеяларды қалыптастыру және бағалау {14. 7 – 9 беттер}	2	12

13	Бизнес-жоспарлау негіздері. {15. 7 – 9 беттер}	2	13
14	Шағын және орта бизнесті қаржыландыру көздері {16. 10 – 11 беттер}	2	14
15	Кәсіпкерлік қызметтегі этика, цифрландыру және тұрақты даму {13. 32 – 40 беттер}	2	15
ҚОРЫТЫНДЫ:		30	

5.2. Тәжірибешілік сабақтар

№№ р/н	Сабақ тақырыбы [№ әдебиеттер, §§..., беттері]	Практикалық сабақты өткізудің түрі	Көлемі, сағат	Оқу аптасы
1	Қаржылық сауаттылықтың мәні мен маңызы {3. 32 – 40 беттер}	бақылау жұмыстары мен жаттығуларын тексеру	2	1
2	Жеке және отбасылық бюджетті жоспарлау {5. 32 – 40 беттер}	жағдайларды шешу	2	2
3	Табыс көздері және шығындарды басқару {6. 22 – 50 беттер}	практикалық зерттеулер мен эксперименттер	2	3
4	Жинақтау мәдениеті және қаржылық мақсаттар {7. 12 – 20 беттер}	оқу пікір-сайысы	2	4
5	Банк жүйесі және қаржылық институттар {3. 32 – 40 беттер}	ауызша сұрау	2	5
6	Несие және қарыздық міндеттемелерді басқару {8. 32 – 40 беттер}	жедел сұрау	2	6
7	Депозиттер және жинақ құралдары {9. 12 – 20 беттер}	проблемалық кейстерді шешу	2	7
8	Сақтандыру және қаржылық тәуекелдерді басқару {10. 32 – 40 беттер}	іскерлік ойын	2	8
9	Инвестициялау негіздері және қаржы нарығы {11. 32 – 40 беттер}	оқыту тренингі	2	9
10	Қаржылық алаяқтық және тұтынушылардың құқықтарын қорғау {12. 32 – 40 беттер}	дөңгелек үстел	2	10
11	Кәсіпкерлік қызметтің мәні және түрлері {13. 32 – 40 беттер}	жеке өзіндік жұмыс	2	11
12	Бизнес-идеяларды қалыптастыру және бағалау {14. 7 – 9 беттер}	топтық жұмыс	2	12
13	Бизнес-жоспарлау негіздері. {15. 7 – 9 беттер}	шағын топтардағы жұмыс	2	13
14	Шағын және орта бизнесті қаржыландыру көздері {16. 10 – 11 беттер}	ми шабуылы	2	14
15	Кәсіпкерлік қызметтегі этика, цифрландыру және тұрақты даму {13. 32 – 40 беттер}		2	15
ҚОРЫТЫНДЫ:			15	

6. Өзіндік жұмыс тапсырмалары

Студенттің өзіндік жұмысы оқытушы берген тапсырмаларға сәйкес оқытушының жетекшілігімен жүзеге асырылады. Реферат А 4 форматындағы 15-20 парақ көлемінде жасалады. Түсіндірме жазба А4-форматында 5-10 парақ көлемінде жазылады. Сонымен қатар барлық студенттер 2 (екі) эссе дайындайды. Эссе жазуға 81 сағат беріледі. Жұмыстың өткізу мерзімі 7-ші және 14-ші апта. Рефераттар мен эсселерді орындау әдістемелерін, сондай-ақ тақырыптарды оқытушы қосымша сабақта береді. Пән бойынша жазба жұмыстары, тест тапсырмаларын құрастыру, жағдаяттық мәселелерді талдау, ресми сайттардағы ақпараттармен жұмыс және т.б. қарастырған. Барлық тапсырмалар үшін Power Point-те презентацияларды дайындау қажет.

№	Тақырып	Тапсырма түрі (формасы)	Тапсырма мазмұны	Тапсыру мерзімі
1	Қаржылық сауаттылықтың мәні мен маңызы	ROS мақала түрінде ғылыми-тәжірибелік конференцияда жариялау	Мақсаты: Қаржылық сауаттылықтың мәні мен маңызы қағидаттарды талдау. ROS жазбаша жұмысының мазмұны: 1. Жинақтау мәдениеті және қаржылық мақсаттар бағдарлану қағидаттарына талдау жасау 2. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарына анықтамасын беру	1-7 апта
2	Жеке және отбасылық бюджетті жоспарлау			
3	Табыс көздері және шығындарды басқару			
4	Жинақтау мәдениеті және қаржылық мақсаттар			
5.	Банк жүйесі және қаржылық институттар			
6	Несие және қарыздық міндеттемелерді басқару			
7	Депозиттер және жинақ құралдары			
8	Сақтандыру және қаржылық тәуекелдерді басқару	ROS тезис түрінде жазбаша жұмысы	Мақсаты: Қаржылық алаяқтық және тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша үйлестіру туралы ақпаратты өңдеу және жазбаша жұмысты орындау ROS жазбаша жұмысының мазмұны: 1. Бизнес-идеяларды қалыптастыру және бағалау негізгі функциялары 2. Шағын және орта бизнесті қаржыландыру көздері қызметін ұйымдастыру	8-15 апта
9	Инвестициялау негіздері және қаржы нарығы			
10	Қаржылық алаяқтық және тұтынушылардың құқықтарын қорғау			
11	Кәсіпкерлік қызметтің мәні және түрлері			
12	Бизнес-идеяларды қалыптастыру және бағалау			
13	Бизнес-жоспарлау негіздері.			
14	Шағын және орта бизнесті қаржыландыру көздері			
	Кәсіпкерлік қызметтегі этика, цифрландыру және тұрақты даму			

7. Кеңес беру уақыты

Кеңес беру – әрбір сәрсені күні сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін В608 аудиторияда немесе сұрақтарыңызды электрондық пошта мекен-жайына жіберіңіз: E-mail: iskakovBM@tau-edu.kz

8. Студенттердің білімдерін тексеру кестелері

Студенттің білімін тексеру СҒЗЖ бекітілген кестесіне сәйкес практикалық сабақтар мен кеңес беру барысында жүзеге асырылады.

9. Білім алушылардың білімін бағалау критериилері

Тип задания	Әр тапсырманың салмағы %	Бағалау шкаласы	Ерекшеліктер	Бағалауды бөлу
Ситуациялық есептерді шешу	30	50-100	<p>Жазбаша жұмыстар</p> <p>1.Жазбаша жұмыс мазмұны – 1-25 баллов</p> <p>2.Жұмыс авторының дербестік дәрежесі, студенттің өзіндік, авторлық пікірінің көрінісі – 1-25 ұпай</p> <p>3. Құрылымдық жұмыс, материалды баяндаудағы жүйелілік – 1-20 ұпай</p> <p>4. Соңғы жылдардағы әдебиеттерді пайдалану – 1-</p>	
Мәселені шешу, ғылыми мақала жазу	30			

ROS жазбаша жұмысы	40	<p>10 ұпай</p> <p>5. Жобалық талаптарға сәйкестігі – 1-10 балл</p> <p>6. Жұмысты уақытында орындау (силлабусқа сәйкес уақытында тапсыру) -1-10 ұпай</p> <p>Тапсырмалар, жағдаяттар</p> <p>1. Шешім қабылдау барысы – 1-30 ұпай</p> <p>2. Жауаптың дұрыстығы – 1-35 ұпай</p> <p>3. Қорытындылардың болуы – 1-20 ұпай</p> <p>4. Жұмысты уақытында орындау (силлабусқа сәйкес уақытында тапсыру) – 1-15 балл</p> <p>Ескерту. Студенттер 1-7, 8-14 апта аралығында ғылыми жұмыстарын толығымен тапсырулары қажет.</p> <p>«Өте жақсы» «Жақсы» «Қанағаттанарлық» «Қанағаттанарлықсыз» есепке алынбайды</p>	<p>90-100 балл 70-89 балл 50-69 балл 0-49 балл</p>
Итого	100		

10. Курстың саясаты (Ереже)

Оқу жетістіктерін бақылау ағымдағы үлгеріммен, бақылау жұмыстарынан, емтиханнан тұрады.

Оқу үлгерімінің ағымдағы бақылау семинар сабақтарында, дәріс сабақтарындағы белсенділікке, өздік жұмыс тапсырмалар орындау барысында бағаланады. Ағымдағы үлгерім көрсеткіштердің барлығы 100% шкала бойынша белгіленеді: 0-49 қанағаттанарлықсыз, 50-69 - қанағаттанарлық, 70-89 - жақсы, 90-100 – өте жақсы).

Оқу үлгерімінің аралық бақылау жұмысы ағымдық оқу үлгерімі бойынша білімді тексеру бақылаулары ескерілген қортынды баға болып табылады. Білімді тексеру бақылауының белгілі тақырыпты оқып аяқтаған кезде алдын-ала ескертусіз және жазбаша түрде ағымдағы сабақ барысында орындалады (академиялық күнтізбеге сәйкес коллоквиум апталығында).

Емтихан семестрдің соңында қабылдау рейтингісі бар болса ғана қабылданады. Емтихан тапсыру үшін рейтингі кемінде 50% -ын болуы керек. Емтиханға келмеген жағдайда студент келмеу себебін негіздеуі керек. Деканаттан барлық емтиханға «Сессияға жіберілді» деген карточка болуы тиіс. Емтихан барысында оқулықтарды пайдалануға жол берілмейді. Аралық бақылаудың қорытындысы жалпы бағаның 60% құрайды, ал қорытынды емтихан бағасы 40% құрайды. Сіздің қорытынды бағаңыз жүз балдық шкала

бойынша анықталады. Қатыспаған сабақтар мен орындалмаған СӨЖ тапсырмаларының бағалары қойылмайды.

Курс бойынша дербес мүмкіндіктеріне және ерекше білім алу талаптарын ескермей тең қолжетімділік қамтамасыз етіледі және бәріне бірдей талаптар қойылады.

Кері байланыс түрлері. Кері байланыс АИС «Платонус» және Moodle арқылы тапсырмаларды белгіленген уақытында орындау арқылы жүзеге асырылады. Тапсыру мерзімдері силлабуста көрсетілген.

Академиялық әділдік: АИС «Платонус» арқылы орындалып жіберілген барлық тапсырмалар «Strike Plagiarism» құрылғы бағдарламасы арқылы антиплагиатқа тексеріледі. Онлайн оқытуда прокторинг бағдарламасы қолданылады.

Этикет және тәртіп ережелері: ТАУ сайтындағы Академиялық саясатты («Оқу процесін қашықтықтан оқыту технологиясы (ДОТ) бойынша ұйымдастыру»), «Білім алушылардың сабаққа қатысуын есепке алу», «Онлайн сабақ барысында білім алушылардың тәртіп этикасы туралы» тармақшаларынан қараңыздар.

Техникалық талаптар: ДК немесе ноутбуктың, вебкамера мен микрофонның болуы керек.

11. Әдебиеттер тізімі

11.1. Негізгі әдебиет:

- Нұрғалиева Л.К. **Қаржылық сауаттылық негіздері:** оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2021.
- Сейдахметова Ф.С. **Кәсіпкерлік қызмет негіздері:** оқулық. – Алматы: Экономика, 2020.
- Қалиева Г.Т., Жанбырбаев А.Қ. **Жеке қаржыны басқару:** оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
- Дәулетова А.М. **Қаржы және несие:** оқулық. – Алматы: Эверо, 2019.
- Друкер П. **Кәсіпкерлік және инновация.** – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.
- Котлер Ф., Армстронг Г. **Маркетинг негіздері.** – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Самуэльсон П., Нордхаус У. **Экономика.** – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.
- Липсиц И.В. **Экономика. Финансовая грамотность:** учебник. – Москва: Вита-Пресс, 2021.
- Бланк И.А. **Основы финансового менеджмента.** – Киев: Ника-Центр, 2020.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі. **Қаржылық сауаттылық негіздері бойынша оқу-әдістемелік материалдар.** – Астана, 2022.

11.2. Қосымша әдебиет:

- Мырзахметова А.М. **Кәсіпкерлік экономикасы:** оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2021.
- Сатыбалдин А.А. **Қаржылық менеджмент негіздері.** – Алматы: ҚазҰУ, 2020.
- Есқараев Ө.А. **Шағын және орта бизнесті дамыту негіздері.** – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
- Құсайынов С.Т. **Инвестициялық қызмет негіздері.** – Алматы: Эверо, 2022.
- OECD. **Financial Literacy and Inclusion: Global Trends.** – Paris, 2021.

11.3 Қол жетімді онлайн – ресурстар: ТАУ электронды кітапханасының ресурстары

11.3.1 Отандық басылымдар

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі. **Қаржылық тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.** – Астана, 2023.

- «Атамекен» ҰКП. **Кәсіпкерлікті қолдау құралдары**: әдістемелік жинақ. – Астана, 2022.
- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. **Қаржы нарығы туралы аналитикалық есептер**. – Астана, 2023.

11.3.2 Халықаралық басылымдар

- OECD. **Financial Literacy and Inclusion: Results of OECD/INFE Survey**. – Paris, 2023.
- World Bank. **Financial Consumer Protection and Literacy**. – Washington, 2022.
- Lusardi A., Mitchell O. **The Economics of Financial Literacy**. – Journal of Economic Literature, 2021.
- Hisrich R., Peters M., Shepherd D. **Entrepreneurship**. – McGraw-Hill, 2020.
- Kuratko D.F. **Entrepreneurship: Theory, Process, Practice**. – Cengage Learning, 2021.
- Scarborough N.M., Cornwall J.R. **Essentials of Entrepreneurship and Small Business Management**. – Pearson, 2020.
- Garman E.T., Forgue R. **Personal Finance**. – Cengage Learning, 2022.
- Mankiw N.G. **Principles of Economics**. – Cengage Learning, 2021.

12.1 Бірінші аралық бақылауға арналған сұрақтар (50 сұрақ)

1. Қаржылық сауаттылық дегеніміз не?
2. Қаржылық сауаттылықтың қоғамдағы және жеке тұлға өміріндегі маңызы қандай?
3. Жеке қаржыны басқару ұғымын түсіндіріңіз.
4. Отбасылық бюджет дегеніміз не?
5. Бюджетті жоспарлаудың негізгі қағидаттары қандай?
6. Табыс ұғымы және оның негізгі түрлері.
7. Белсенді және пассивті табыстың айырмашылығы неде?
8. Шығын дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?
9. Тұрақты және айнымалы шығындардың айырмашылығы.
10. Міндетті және ерікті шығындар дегеніміз не?
11. Қаржылық мақсат дегеніміз не?
12. Қысқа, орта және ұзақ мерзімді қаржылық мақсаттарға мысал келтіріңіз.
13. Жинақтау дегеніміз не және оның маңызы қандай?
14. Жинақтаудың негізгі әдістері қандай?
15. «Қаржылық қауіпсіздік жастығы» ұғымын түсіндіріңіз.
16. Банк жүйесі дегеніміз не?
17. Қазақстан Республикасындағы банк жүйесінің құрылымы.
18. Екінші деңгейлі банктердің негізгі қызметтері қандай?
19. Депозит дегеніміз не?
20. Депозиттің негізгі түрлерін атаңыз.
21. Депозиттік пайыз дегеніміз не және ол қалай есептеледі?
22. Несие дегеніміз не?
23. Несиенің негізгі түрлері.
24. Несие алу кезіндегі негізгі шарттар қандай?
25. Пайыздық мөлшерлеме ұғымы.
26. Номиналды және тиімді пайыздық мөлшерлеменің айырмашылығы.
27. Қарыздық жүктеме дегеніміз не?
28. Несие тәуекелі дегеніміз не?
29. Қаржылық тәуекел ұғымы және оның түрлері.
30. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың негізгі тәсілдері.
31. Сақтандыру дегеніміз не?

32. Сақтандырудың қаржылық қорғаудағы рөлі.
33. Міндетті және ерікті сақтандырудың айырмашылығы.
34. Қаржылық жоспарлау дегеніміз не?
35. Қаржылық жоспарлаудың кезеңдері.
36. Инфляция дегеніміз не?
37. Инфляцияның жеке табыс пен жинаққа әсері.
38. Ақша айналымы ұғымы.
39. Қолма-қол және қолма-қолсыз төлемдердің артықшылықтары.
40. Цифрлық қаржы құралдарына не жатады?
41. Онлайн-банкингтің артықшылықтары мен тәуекелдері.
42. Қаржылық алаяқтық дегеніміз не?
43. Қаржылық алаяқтықтың кең таралған түрлері.
44. Қаржылық алаяқтықтан қорғану жолдары.
45. Қаржылық тәртіп ұғымы.
46. Қаржылық тәртіптің жеке әл-ауқатқа әсері.
47. Қаржылық шешім қабылдауда жауапкершілік неге маңызды?
48. Қаржылық сауатсыздықтың салдары қандай?
49. Қаржылық мәдениет дегеніміз не?
50. Қаржылық сауаттылықты арттырудың негізгі жолдары.

12.2 Екінші аралық бақылауға арналған сұрақтар (50 сұрақ)

1. Кәсіпкерлік қызмет дегеніміз не?
2. Кәсіпкерліктің экономикалық және әлеуметтік мәні.
3. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілері.
4. Кәсіпкерліктің негізгі түрлері.
5. Шағын, орта және ірі бизнестің айырмашылықтары.
6. Кәсіпкерлік субъектілері ұғымы.
7. Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің құқықтық негіздері.
8. Жеке кәсіпкер және заңды тұлғаның айырмашылығы.
9. Бизнес-идея дегеніміз не?
10. Бизнес-идеяны қалыптастыру көздері.
11. Бизнес-идеяны бағалаудың негізгі критерийлері.
12. Стартап ұғымы және оның ерекшеліктері.
13. Стартап пен дәстүрлі бизнестің айырмашылығы.
14. Бизнес-жоспар дегеніміз не?
15. Бизнес-жоспардың негізгі бөлімдері.
16. Нарықты талдау бизнес-жоспарда қандай рөл атқарады?
17. Маркетингтік жоспардың мазмұны.
18. Өндірістік (операциялық) жоспар дегеніміз не?
19. Ұйымдастырушылық жоспардың маңызы.
20. Қаржылық жоспар ұғымы және оның элементтері.
21. Бизнесті қаржыландыру көздері.
22. Өзіндік қаражат пен қарыз қаражатының айырмашылығы.
23. Мемлекеттік қолдау құралдарына не жатады?
24. Гранттар мен субсидиялардың ерекшелігі.
25. Бизнестегі табыс және пайда ұғымдарының айырмашылығы.
26. Шығындарды жіктеу және олардың бизнеске әсері.
27. Өзіндік құн дегеніміз не?
28. Баға белгілеудің негізгі әдістері.
29. Бизнестегі тәуекел ұғымы.
30. Кәсіпкерлік тәуекелдердің түрлері.

31. Кәсіпкерлік тәуекелдерді басқару тәсілдері.
32. Бизнестегі бәсекелестік дегеніміз не?
33. Бәсекелестік артықшылық ұғымы.
34. Нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың бизнеске әсері.
35. Салық салудың кәсіпкерлік қызметтегі рөлі.
36. Шағын бизнеске арналған салық режимдері.
37. Кәсіпкерлік қызметтегі есеп пен есептілік ұғымы.
38. Қаржылық есептің негізгі түрлері.
39. Кәсіпкерлік қызметтегі іскерлік этика.
40. Әлеуметтік жауапты кәсіпкерлік дегеніміз не?
41. Кәсіпкерлік қызметтегі заң бұзушылықтардың салдары.
42. Кәсіпкерлік қызметті цифрландыру ұғымы.
43. Цифрлық технологиялардың бизнеске әсері.
44. Электронды коммерция дегеніміз не?
45. Онлайн-бизнестің артықшылықтары мен тәуекелдері.
46. Инновация ұғымы және оның кәсіпкерліктегі рөлі.
47. Тұрақты даму қағидаттарының бизнеске әсері.
48. Кәсіпкерлік мәдениет дегеніміз не?
49. Кәсіпкер тұлғасына қойылатын негізгі талаптар.
50. Кәсіпкерлік қызметтің экономикалық қауіпсіздігі ұғымы.

Пәннің жетекші оқытушысы:

Искаков Бауыржан Мұратбекұлы

Кабинет – В 608

E-mail: iskakovBM@tau-edu.kz